

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 16 қараша N 482-I

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Z970136_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат):

1) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жыл сайын жүргізіледі.";

2) 13-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес белгіленеді.";

3) 63-баптың 2-тармағы "басқа да үстемақылар" деген сөздерден кейін "(сыйлықақылардан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Z970126_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат):

1) 1-баптың 4-тармағындағы "және толық мемлекет есебінен қамтылмаған" деген сөздер алып тасталсын;

2) 11-баптың 3) және 4) тармақшаларындағы "Мемлекеттік тергеу комитетінің" деген сөздердің алдынан "бұрынғы" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 13-баптың 3-тармағындағы "Оқитындарға" деген сөз "18 жастан асқан оқитын азаматтар асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша" деген сөздермен және "төленеді" деген сөз "жәрдемақы алуға құқығы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 16-баптың 4-тармағы "Мемлекеттік тергеу комитеті" деген сөздердің алдынан "бұрынғы" деген сөзбен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 U952247_ заң күші

бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45-құжат; N 14, 98-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 22, 334-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат):

11-баптың 32-тармағындағы "ең төменгі 35 жалақы" деген сөздер "35 айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Z990365_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат):

1) 4-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлері;"

3) тармақша мынадай сөздермен толықтырылсын:

"сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апат және басқа да радиациялық апаттар, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде болған авариялар және ядролық сынақтар әсеріне белгіленген тәртіпте байланысты болған азаматтардың отбасылары;"

10) тармақшадағы "отбасылар" деген сөзден кейін нүктелі-үтір қойылып, "жатады" деген сөз алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 11) және

12) тармақшаларымен толықтырылсын:

"11) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;

12) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар жатады.";

2) 7-баптың б) тармақшасы "қаза тапқан адамдардың отбасыларына" деген сөздерден кейін, "сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апат және басқа да радиациялық апаттар, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде болған авариялар және ядролық сынақтар әсеріне белгіленген тәртіпте байланысты болған азаматтардың отбасыларына"

деген сөздермен толықтырылсын";

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4) Жәрдемақы алушылардың интернат-үйлерде тұрған кезеңіне жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрады.".

2-бап. Осы Заң 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК